

Ақселеуге ескерткіш тас қойылды



Үстіміздегі жылдың 17 қыркүйегінде 67-ге қараған шағында Жаңаарқаның даңқты тумасы, көрнекті әдебиетші, этнограф, өнертанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Ақселеу Сланұлы Сейдімбек дүниеден өтіп, артында қалған қалың қазақ қара жамылған еді.

Ақселеу Сланұлы публицист, журналист ретінде отандық журналистиканы жаңа деңгейге көтерді. Әдебиеттанушы және этнограф ғалым қазақтың ауызша тарихын «төлтума ұлттық сипатта» жазып шығып, қазақ ғылымында «Көшпенділер мәдениеті», «Көшпенділер өркениеті» деген ұғымдарды қалыптастырды. Қазақтың қара өлеңін, күй өнерін зерделеп, зерттеп, Қазақстандағы этнографиялық және этнологиялық ізденістерді жаңғыртты.

Асыл ағамыз Ақселеу Сейдімбектің дүниеден озғанына қырық күн толуына орай, ғалымның асыл тәніне мәңгі сая болған «Қарауылтөбеде» ұлы тұлғаның басына ескерткіш тас орнатылды. Жиынға қазақ халқының бірқатар зиялы қауым өкілдері қатысты. Қабір басында сөз алған еңбек ардагері, ағамызбен кішкентайынан бірге өскен Қазкен Мүсілімов, ғалым, жазушы Қойшығара Салғараұлы, жазушы Қадірбек Сегізбаев сынды азаматтар Ақселеу Сейдімбектің жоғары адамгершілік қасиеттері мен биік азаматтылығына, өткен өмір жолдары мен ұлты үшін сіңірген өлшеусіз еңбегіне тоқталып өтті. Астанада келген інісі Тасанби Тоқбергеновтің: «Топырақ болғыл, дүние сені басып өтсін» деген өсиет айтқан екен Қожа Ахмет Иассауи. Фәни дүниеде тірі пендеге бас имей өткен даланың игі жақсысы өлгенде Хазрет Сұлтанның саясында жатқанды мақсат қылды. ХҮІ ғасырдан бастап бұл кесенеге әйгілі адамдардың сүйегі қойыла бастапты. Сол сияқты Ақселеу аға сүйегін Жаңаарқа ауданы Атасудың маңындағы «Қарауылтөбеге» қоюға өсиет қалдырды. Жатқан жері киелі қорымға айналсын. Жақсы істерге барарда, ұрпақ тілеген тұстарда бауыр тумалардың ақылдасар орнына, көтерер туына, шақырар ұранына айналсын» деген ұлағатты сөзі көптің көңілінен шықса, туысқандары атынан сөз алған інісі Асылхан Сланұлы мен баласы Ернар Ақселеуұлының үлкен толғаныста сөйлеген сөздері жиналған қауымның көзіне жас алдырды. Аудан әкімі Х.Омаров көрнекті ғалымның Жаңаарқа жұртшылығы үшін орны қашанда айрықша екенін, оның есімі туған өлкесі үшін мәңгілік мақтаныш екенін жеткізіп, Ахаңды соңғы сапарға шығарып салуға қол ұшын беріп, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізген облыс әкімі Н.Нығматуллинге және ғалымды шығарып салып, топырақ салуға келген барша зиялы қауымға қазаға ортақтасып, қолдау көрсеткені үшін алғысын білдірді.

«Қарауылтөбенің» басында орын тепкен еңселі ескерткіш тас Ахаңның сүйіп, қадірлеп өткен Жаңаарқа атырабының аялы алақанында жатқандай сезілді. Алаш ардақтысының сүйегін қара жер құшағына тапсырар сәтте көгінде қыран құс айнала ұшқан бұл «Қарауылтөбе» ендігі уақытта қалың қазақ жұртының жиналар киелі жеріне айналары сөзсіз.

Әсет АМАНЖОЛОВ.
ЖАҢААРҚА ауданы.